

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

Білім және ғылым бақылау тәрағасының

Саласындағы

Комитеті

Атқарушы

Т. Ешенқұлов
2017 жыл



**Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру үйымдарындағы
оку жетістіктерін сырттай бағалауды үйимдастыру және өткізу
алгоритмі**

1. Жалпы ережелер

1) Осы Алгоритм Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы және «Оқу жетістіктеріне сырттай бағалау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 94 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлінің міндеттін атқарушының 2017 жылғы 10 наурыздағы №109 бүйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне №14994 болып 07.04.2017 жылы тіркелді) бекітілген «Оқу жетістіктеріне сырттай бағалау жүргізу қағидалары» (одан әрі – Қағида) негізінде, орта білімдегі оқу жетістіктерін сырттай бағалауды (одан әрі – ОБ ОЖСБ) үйимдастырушылар мен тестілеуге қатысушылардың іс-әрекеттерін реттеу мақсатында әзірленді.

2) Осы Алгоритм ОБ ОЖСБ тестілеуінің барлық үйимдастырушыларының іс-шараларын сипаттайты: Ұлттық тестілеу орталығы (одан әрі – Орталық), Орталық филиалдары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық Білім саласындағы бақылау департаменттерінің өкілдері (одан әрі – БСБД өкілдері), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің өкілдері (одан әрі – Министрлік өкілдері), Аудандық (қалалық) білім бөлімдері (одан әрі – АББ (ҚББ)), Білім беру үйымының әкімшілігі, Білім беру үйымы бойынша жауапты тұлға (компьютерлік онлайн-тестілеуде).

3) Орта білім беру үйимдарындағы ОЖСБ кешенді тестілеу түрінде:

- сұрақ-кітапшасы мен жауап парагы (бланкілік тестілеу),
- ақпараттық технологияларды (компьютерлік онлайн-тестілеу) қолдану арқылы өткізіледі.

4) ОБ ОЖСБ тестілеудің кезеңдері:

- тестілеуді өткізуге дайындық;

- тестілеуді өткізу;
 - тестілеу нәтижелерін өндөу;
 - есеп дайындау.
- 5) тестілеу қатысушылары орта білім беру ұйымдарының 4, 9 және 11-сынып оқушылары болып табылады;
- 6) Қағиданың 8-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында ОБ ОЖСБ өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды Министрлік және БСБД өкілдері жүзеге асырады;
- 7) білім беру саласындағы уәкілетті органмен (одан әрі - Уәкілетті орган) бекітілген іріктеу параметріне сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдары бойынша 4, 9 және 11-сынып оқушыларының саны (%) Орталықпен іріктеледі (Орталық деректер базасындағы мәліметтер пайдаланылады);
- Ескерту:**
- Қағиданың б-тармағына сәйкес ОБ ОЖСБ өткізілетін орта білім беру ұйымдарының тізімі жыл сайын Уәкілетті органмен бекітіледі.*
- 8) ОБ ОЖСБ өткізілетін білім беру ұйымы осы Алгоритмнің 2-қосымшасына сәйкес оқушылар тізімін жасап, АББ (ҚББ)-де бекітеді;
- 9) компьютерлік онлайн-тестілеуге білім беру ұйымында өтініштерді қабылдау жұмысы жүргізіледі;
- 10) белгіленген мерзімде тестілеуге қатысушылардың барлығымен бірлесе отырып ОБ ОЖСБ өткізіледі;
- 11) тестілеудің басталу уақыты - жергілікті уақытпен сағат 9.00-де.

2. Бланкілік тестілеуді өткізу тәртібі

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде

Орталық келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- 12) тестілеу нәтижелерін өндөу үшін бағдарламалық қосымшаларды әзірлеу және телекоммуникациялық желі арқылы Орталық филиалдарына жіберу;
- 13) белгіленген мерзімде іріктелген оқушылардың санына сәйкес емтихан материалдарын көбейту және облыстық, Астана, Алматы қалаларының БСБД-на жеткізуді жүзеге асыру;
- 14) білім беру ұйымының сауалнаманы толтыруы үшін Орталық филиалдары қызметкерлеріне Web-қосымшаға кіруге мүмкіндік беру.

Министрлік және БСБД өкілдері келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- 15) БСБД басшысынан емтихан материалдары салынған қапшықтарды осы Алгоритмнің 1-қосымшасына сәйкес актімен қабылдау;

Ескерту:

Емтихан материалдары салынған қапшық және пломба булінген жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне (одан әрі – БФСБК) және Орталыққа хабар беріледі және еркін турде актімен рәсімделеді.

- 16) емтихан материалдарын білім беру ұйымдарына жеткізу және емтихан материалдарын сақтау шараларын қамтамасыз ете отырып сейфте

сақтау;

17) білім беру үйымдарындағы аудиториялар дайындығын тексеру: аудиториялардың орналасуы, қабырға сағаты, тақта мен бордың болуы.

Ескерту:

Тестілеуге қолданылатын аудиториялар мүмкіндігінше бір-біріне жақын орналасуы керек және санитарлық-гигиеналық нормаларга сай болуы тиіс.

18) АББ (ҚББ)-мен бекітілген оқушылар тізімін тексеру;

19) АББ (ҚББ)-мен бекітілген аудитория кезекшілерінің тізімін тексеру;

Ескерту:

Министрлік және БСБД өкілдері тестілеуге қатысатын оқушылардың санына қарай қажет болған жағдайда аудиториялар кезекшілерін қатыстырады. Білім беру үйымы осы Алгоритмнің 3-қосымшасына сәйкес аудитория кезекшілерінің тізімін жасап, АББ (ҚББ)-де бекітеді.

Аудитория кезекшілері тестілеу пәндерінің маманы болмауы тиіс!

20) аудитория кезекшілеріне нұсқама жүргізу.

Ескерту:

Аудитория кезекшілеріне жүргізілетін нұсқамада:

– осы Алгоритмнің 22-тармагына сәйкес оқушылардың аудиторияга кіргізу тәртібі;

– осы Алгоритмнің 5-бөліміне сәйкес емтихан материалдарын тарату, толтыру және жинау тәртібі;

– Қазиданың 11-тармагына сәйкес оқушылардың аудиторияда тәртіп сақтау ережесі түсіндіріледі.

Тестілеуді өткізу кезеңінде

Министрлік және БСБД өкілдері келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

21) емтихан материалдарының қапшығын білім беру үйымы әкімшілігі мен АББ (ҚББ) өкілдерінің қатысуымен ашу, қапшық пен қорап пломбаларының бүтіндігін және жапсырмаларын тексеру, осы Алгоритмнің 4-қосымшасына сәйкес актімен рәсімдеу;

22) бірінші аудиторияда (4, 9 және 11-сыныптар үшін жекелей) оқушылардың қатысуымен қораптарды ашып, емтихан материалдарын санау және осы Алгоритмнің 5-қосымшасына сәйкес актімен рәсімдеу;

Қорапта: емтихан материалдарын ашу актісі, сұрақ-кітапшалары, жауап параптары, «Интервойд» пакеті (пломбасы бар пластикалық конверт), 9, 11-сынып оқушыларына арналған сауалнама болады.

Ескерту:

Сұрақ-кітапшалары мен жауап параптары саны қораптың сыртында көрсетілген жазбамен сәйкес келмеген жағдайда Орталыққа хабар беріледі, актімен рәсімделеді (еркін түрде).

23) емтихан материалдарын аудиториялар бойынша Министрлік өкілдеріне (аудитория кезекшілеріне) осы Алгоритмнің 6-қосымшасына сәйкес акт бойынша тапсыру;

24) оқушыларды аудиторияға бекітілген тізім бойынша бір-бірден

кіргізу;

25) оқушылардың тестілеудегі тәртіп сақтау ережесін Қағиданың 11-тармағына сәйкес түсіндіру;

Ескерту:

Оқушы тәртіп сақтау ережелерін бұзған жағдайда Қағиданың 11-тармағына сәйкес Министрлік және БСБД өкілдерінің бірлескен шешімімен оқушы аудиториядан шығарылады және тестілеу нәтижелері жойылады, Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес актімен рәсімделеді.

26) тестілеудің алдында 9 және 11-сынып оқушыларына арналған сауалнаманың қағаз тасымалдағышта осы Алгоритмнің 11-қосымшасына сәйкес толтырылуын ұйымдастыру;

27) білім беру ұйымының әкімшілігіне арналған сауалнаманың Web-қосымшада осы Алгоритмнің 12-қосымшасына сәйкес толтырылуын ұйымдастыру;

Ескерту:

Web-қосымшага пароль Орталық филиалдарымен беріледі.

28) сауалнама толтырылған соң осы Алгоритмнің 5-бөліміне сәйкес емтихан материалдарын тарату және жауап парагын толтыру тәртібін түсіндіру:

Ескерту:

Тестілеу барысында аудиторияга Министрлік және БСБД өкілдерінен басқа бөтен адамдарға кіруге тыйым салынады!

29) тестілеу барысын бақылау;

30) тестілеу уақытын әрбір 30 минут сайын оқушыларға ескеरту;

31) емтихан материалдарын осы Алгоритмнің 5-бөліміне сәйкес жинау;

32) нәтижелерді өндеу үшін барлық емтихан материалдарын Орталық филиалына жеткізу.

Тестілеу нәтижелерін өндеу кезеңінде

Орталық филиалы қызметкерлері келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

33) Министрлік және БСБД өкілдерінің бақылауымен тестілеу нәтижелерін жауап параптерын сканерлеу арқылы өндеу. Жауап параптерын сканерлеу әрбір мектеп және сынып литері бойынша жеке-жеке жүргізіледі. Жауап параптерын сканерлеу барысында тестілеуге қатысушылардың деректер базасы қалыптастырылады;

Ескерту:

Оқушылардың жойылған жауап параптары (тестілеудегі тәртіп сақтау ережелерін бұзған оқушылардың жауап параптары) сканерленбейді!

34) жауап параптеры сканерлеген соң осы Алгоритмнің 13, 14, 15-қосымшаларына сәйкес жауап параптерын Сәйкестендіру хаттамасын басып шығару;

Ескерту:

Жауап парагындағы оқушының

– Нұсқа;

- ЖСН;
- Ұлты;
- Жынысы;
- 2-ші пәннің атауы

мәліметтері оқушымен қатесіз толтырылған жағдайда автоматты түрде сәйкестендірілген болып табылады.

Атаптан мәліметтер қате толтырылған жағдайда, қателер көзбен шолу арқылы сәйкестендіруді жүргізу үшін «жауап парагын сәйкестендіру хаттамасына» туследі.

Министрлік және БСБД өкілдері жауап параптарын сәйкестендіруді жүргізеді.

Көзбен шолу арқылы сәйкестендіру барысында

- a) оқушылардың бекітілген тізімінен:

– тегі, аты немесе аты-жөнінің бірінші әріппері, ЖСН (болған жағдайда), ұлты мен жынысы.

- b) оқушының сұрақ-кітапшасынан:

– нұсқа мен 2-ші пәннің атауы мәліметтерін сәйкестендіру хаттамасында түзетуге болады.

35) Министрлік және БСБД өкілдерімен сәйкестендіру хаттамасында қолмен жасалған түзетулерді деректер базасына енгізу, жауап парагын сәйкестендіру хаттамасын жаңадан басып шығару;

Ескерту:

Сәйкестендіру нәтижесінде түзетушілер тарапынан қате кеткен жағдайда, Орталықтың рұқсатымен қайта сәйкестендіру жүзеге асырылады.

36) тестілеу нәтижелерін бағалау;

37) тестілеу нәтижелерін бағалау жасалғаннан кейін әрбір мектеп бойынша осы Алгоритмнің 16, 17, 18-қосымшаларына сәйкес емтихан ведомосін 4 данада (білім беру үйіміна, АББ (КББ), Министрлік және БСБД өкіліне, Орталық филиалына) басып шығару;

38) 9 және 11-сынып оқушыларының сауалнамаларын сканерлеу;

39) тестілеудің барлық лектері аяқталған соң қорытынды файлды Орталыққа жіберу;

40) тестілеудің барлық кезеңдері аяқталған соң Министрлік және БСБД өкілдерінің қатысуымен сұрақ-кітапшаларын (қолданылған және қолданылмаған) осы Қағиданың 2-қосымшасындағы актіге сәйкес жою;

Ескерту:

ОБ ОЖСБ өткізілмей қалған білім беру үйіміның сұрақ-кітапшалары тестілеудің барлық рәсімдері аяқталғаннан кейін Орталықтың базалық филиалында жойылады және осы Қағиданың 2-қосымшасындағы актімен рәсімделеді.

41) Орталық басшылығының шешіміне дейін ОБ ОЖСБ тестілеуінің жауап параптарын сақтау.

Есеп дайындау кезеңінде

42) Орталықтың базалық филиалы Орталыққа облыс бойынша жазбаша есеп тапсырады;

43) Орталық филиалдары Орталыққа барлық штаттан тыс жағдайлар бойынша рәсімделген актілер мен осы Алгоритмнің 19-қосымшасына сәйкес сұрақ-кітапшаларды жою актілері бойынша есеп тапсырады;

44) Министрлік және БСБД өкілдері ОБ ОЖСБ тестілеуін өткізу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде осы Алгоритмнің 20-қосымшасына сәйкес есеп дайындауды және БСБД-ға тапсырады;

45) ОБ ОЖСБ рәсімі толық аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде БСБД Орталыққа атқарылған жұмыстар актісін осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес тапсырады.

3. Компьютерлік онлайн-тестілеуді өткізу тәртібі

Өтініштерді қабылдау

46) Орталық ОБ ОЖСБ компьютерлік онлайн-тестілеуіне өтініштерді қабылдау үшін бағдарламалық қосымшаларды әзірлейді;

47) бағдарламалық қосымшалар Орталық филиалдарына және білім беру үйимдарына қондырылу және белгіленген мерзім ішінде толтырылу үшін жіберіледі;

48) Орталық филиалдары білім беру үйимдарынан деректерді қабылдау жұмысын үйимдастырады және алып жүреді;

49) білім беру үйимы бойынша жауапты тұлғалардың тізімі осы Алгоритмнің 21-қосымшасына сәйкес білім беру үйиммен анықталады және бекітіледі;

Ескерту:

Білім беру үйимы бойынша жауапты тұлғалардың саны компьютерлік сыйынтар санына байланысты анықталады.

50) білім беру үйимы бойынша жауапты тұлға бекітілген оқушылар тізімін өтініштерді қабылдау бағдарламалық қосымшасына енгізеді;

51) білім беру үйимының әкімшілігі БСБД-мен бірге белгіленген мерзім аралығында тестілеуді өткізу кестесін жасайды және жалпы лек санын анықтайды;

Ескерту:

Бір күнде максимум 2 лек рұқсат етіледі.

52) қажет деректер енгізілген соң оқушылар деректер базасы қалыптастырылады;

53) білім беру үйимы бойынша жауапты тұлға деректер базасын жапқан соң бағдарламалық қосымша арқылы қалыптастырылған файлды Орталық филиалына жібереді;

54) Орталық филиалы деректер базасын жауып, жинақталған деректерді Орталыққа жібереді;

55) білім беру үйимы бойынша жауапты тұлға бағдарламалық қосымша

арқылы аудиториялық тізімді қалыптастырады және осы Алгоритмнің 22-көсімшасына сәйкес оқушылардың рұқсаттамаларын шығарып, оқушыларға таратады;

56) білім беру үйімі бойынша жауапты тұлға оқушыларға Web-көсімшасы мен «Информатика» пәніне арналған бағдарламалық қосымшамен жұмыс істеу нұсқаулықтарын таратады.

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде («Тіркеу кезеңі»)

Орталық келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

57) Web-көсімшасы мен «Информатика» пәніне арналған бағдарламалық қосымшаны әзірлеу;

58) Орталық филиалдары қызметкерлерін ОБ ОЖСБ компьютерлік онлайн-тестілеуге тіркеу кезеңін және компьютерлік онлайн-тестілеудің өткізу барысын оқыту мақсатында нұсқаулық хаттарды дайындау және жіберу;

59) Орталық филиалы қызметкерлеріне тестілеуді өткізу және білім беру үйімі әкімшілігінің сауалнаманы толтыруы үшін Web-көсімшаларға кіру мүмкіндігін беру;

60) Орталық филиалы қызметкерлері арқылы білім беру үйімдарына «Информатика» пәні бойынша тестілеуді өткізуге арналған бағдарламалық қосымшасын жіберу.

Орталық филиалы келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

61) «Информатика» пәні бойынша тестілеуді өткізуге арналған бағдарламалық қосымшасын алу, білім беру үйімдарына жіберу, бағдарламаның білім беру үйімдарында қондырылуын үйімдастыру және тексеру;

62) білім беру үйімі бойынша жауапты тұлғаға тестілеуді өткізу және білім беру үйімі әкімшілігінің сауалнаманы толтыруы үшін Web-көсімшаларға кіру мүмкіндігін беру;

63) білім беру үйімі бойынша жауапты тұлғаларды Web-көсімшамен және «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасымен жұмыс істеуге үйрету;

64) тестілеуден бір күн бұрын білім беру үйімі бойынша жауапты тұлғаның Web-көсімшада компьютерлердің тіркеуін, «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасын қондыруын үйімдастыру және алып журу.

Министрлік және БСБД өкілдері келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

65) компьютерлік онлайн-тестілеуді өткізу үшін компьютерлік сыйыптарды, техникалық құралдардың және интернет желінің жұмысын тексеру;

66) АББ (ҚББ)-мен бекітілген оқушылар тізімін тексеру.

Тестілеуді өткізу кезеңінде

67) ОБ ОЖСБ тестілеуі уәкілетті органмен бекітілген мерзімде Орталық әзірлеген Web-көсімшамен Орталық сайты арқылы өткізіледі.

68) Web-көсімшасы төрт модульден (беттен) тұрады және төмендегі

негізгі қызметтерді атқарады:

«ҰТО» модулі:

- тестілеу барысына «ҰТО филиалдары» → «білім беру үйымдары» (статистикалық мәліметтер) бойынша мониторинг жүргізу;
- тестілеуді автоматты түрде бағалау.

«ҰТО филиалы» модулі:

- Орталық филиалына бекітілген білім беру үйымдары бойынша тестілеу барысына мониторинг жүргізу (статистикалық мәліметтер).

«Білім беру үйымы бойынша жауапты тұлға» модулі:

- тестілеу өткізілетін компьютерлерді тіркеу;
- отырғызу парағын басып шығару;
- білім беру үйымы аудиториялары бойынша тестілеу барысына мониторинг жүргізу (тестілеудің басталу мен аяқталу уақыты туралы мәліметтер);
- тестілеу нәтижесі бойынша емтихан ведомосін басып шығару.

«Тестіленуші» модулі:

- тестілеуден өту;
- сауалнама сұрақтарына жауап беру;
- тестілеу нәтижелері бар жауаптар картасы.

Ескерту:

Онлайн-тестілеудің бағдарламалық қосымшалары тиімді жұмыс істейі үшін қойылатын талаптар:

- компьютерлерге Google Chrome браузерінің соңғы нұсқасының қондырылуы;
- компьютерлердің интернет желіге қосылуы.

69) Министрлік және БСБД өкілдері оқушыларды осы Алгоритмнің 24-тармағына сәйкес компьютерлік сыйынпқа кіргізеді;

70) білім беру үйымы бойынша жауапты тұлға Web-қосымшадан отырғызу парағын шығарып, толтырылуын үйымдастырады;

71) оқушы рұқсаттамада көрсетілген тестілеу өткізілетін күні Web-қосымшаға рұқсаттамадағы пароль арқылы кіреді;

72) екінші пәнге информатика пәні түсken оқушы Web-қосымшамен қатар «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасын қолданады;

73) тестілеу аяқталған соң оқушы Web-қосымшада сауалнама сұрақтарына жауап береді;

74) тестілеу нәтижелері жеке жауаптар картасында сауалнама сұрақтарына жауап беруді аяқтаған соң беріледі;

Оқушының Web-қосымшамен және «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасымен жұмыс істейу нұсқаулықтары алдын-ала білім беру үйымы бойынша жауапты тұлғамен әрбір оқушыга таратылады.

75) білім беру үйымының әкімшілігі сауалнаманы Web-қосымшада осы Алгоритмнің 12-қосымшасына сәйкес толтырады.

Ескерту:

Web-қосымшага пароль Орталық филиалдарымен беріледі.

Тестілеу нәтижесін өндөу кезеңінде

76) білім беру үйіміндағы компьютерлік онлайн-тестілеудің барлық лектері аяқталған соң жауапты тұлға емтихан ведомостерін осы Алгоритмнің 17, 18-қосымшаларына сәйкес 4 данада басып шығарады (білім беру үйімінің АББ (ҚББ), Министрлік және БСБД өкіліне, Орталық филиалына).

Есеп дайындау кезеңінде

77) Орталықтың базалық филиалы Орталыққа облыс бойынша жазбаша есеп тапсырады;

78) Орталық филиалдары Орталыққа барлық штаттан тыс жағдайлар бойынша рәсімделген актілерді тапсырады;

79) Министрлік және БСБД өкілдері ОБ ОЖСБ тестілеуі бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде есепті осы Алгоритмнің 20-қосымшасына сәйкес дайындауды және БСБД-ға тапсырады;

80) ОБ ОЖСБ рәсімі толық аяқталғаннан кейін 10 күн ішінде БСБД Орталыққа атқарылған жұмыстар актісін осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес тапсырады.

Ескерту:

Министрлік және БСБД өкілдерінің есебінде білім беру үйімі бойынша жауапты тұлғаның жұмысын бағалау.

4. Тестілеуді үйімдастырушылардың функциялары

Орталық функциясы

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

81) бағдарламалық қосымшаларды, Web-қосымшаны өзірлеу;

82) үйімдастырушылық-техникалық процесін алып жүру;

83) Орталық филиалдары қызметкерлерін ОБ ОЖСБ компьютерлік онлайн-тестілеуге тіркеу, компьютерлік онлайн-тестілеуін өткізу барысына оқыту мақсатында нұсқаулық хаттарды дайындау және жіберу;

84) тест спецификациясын дайындау және уәкілетті органмен бекіту;

85) тест тапсырмаларының базасын өзірлеу және қалыптастыру;

86) ОБ ОЖСБ тестілеуін өткізу нұсқаулығы мен Министрлік өкілдері алгоритмдерін өзірлеу және жіберу;

87) қатысушылардың жадынамаларын дайындау және тарату;

88) ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына (одан әрі – АТЖ) материалдар дайындау және Орталық филиалдарымен АТЖ өткізілуін бақылау;

89) іріктеу параметріне сәйкес Орталық деректер базасынан орта білім беру үйімдары бойынша 4, 9 және 11-сынып оқушыларының санын іріктеу;

90) емтихан материалдарын көбейту және облыстық, Астана, Алматы қалаларының БСБД-ларына жеткізу.

Тестілеуді өткізу кезеңінде:

91) ОБ ОЖСБ тестілеуі барысында үйімдастырушылық-техникалық

процесін алып жүру;

92) онлайн-тестілеу барысында сайттың, Web-қосымшаның, бағдарламалық қосымшаның жұмысын қадағалау.

Тестілеу нәтижелерін өндөу кезеңінде:

93) тестілеу нәтижелерін өндөу процесін бақылау;

94) тестілеу нәтижелерінің статистикалық мәліметтерін жинақтау.

Есеп дайындау кезеңінде:

95) БСБД-лардан атқарылған жұмыстар бойынша актілерді қабылдау;

96) Орталықтың базалық филиалдарынан облыс бойынша жазбаша есебін қабылдау;

97) Орталық филиалдарынан сұрақ-кітапшаларды жою актілерінің есебін және барлық штаттан тыс жағдайлар бойынша рәсімделген актілерді жинау;

98) ОБ ОЖСБ ұйымдастырылуы және өткізілуі бойынша қорытынды есеп дайындау.

Орталық филиалының функциясы

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

99) техникалық құралдардың және телекоммуникациялық желінің жұмысын қамтамасыз ету;

100) Орталықтан ақпараттық түсіндіру жұмыстарының материалдарын алу, БСБД, АББ (ҚББ)-мен бірлесіп оқушылар, педагог қызметкерлер, ата-аналар арасында ОБ ОЖСБ форматы туралы АТЖ жүргізу, ақпараттық стендте ақпараттарды жаңарту;

101) тестілеу нәтижелерін өндөу бағдарламалық қосымшасын Орталықтан алу және Орталық филиалында қондыру;

102) өтініштерді қабылдау және «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшаларын Орталықтан алу және білім беру ұйымдарында қондырылуын қамтамасыз ету (компьютерлік онлайн-тестілеу);

103) компьютерлік онлайн-тестілеудің бағдарламалық қосымшаларының, Web-қосымшаның жұмысын алып жүру;

104) деректер базасының сақталуын қамтамасыз ету және телекоммуникациялық желі арқылы Орталыққа жіберу;

105) Web-қосымшаға кіруге мүмкіндік алу, тіркелу;

106) білім беру ұйымы бойынша жауапты тұлғаларды компьютерлік онлайн-тестілеудің бағдарламалық қосымшаларымен, Web-қосымшамен жұмыс істеуге үйрету;

107) білім беру ұйымдарына компьютерлік онлайн-тестілеудің Web-қосымшасына кіруге мүмкіндік беру;

108) компьютерлік онлайн-тестілеуден бір күн бұрын білім беру ұйымының компьютерлерін жауапты тұлғамен тіркелуін, «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасының қодырылуын ұйымдастыру және алып жүру.

Тестілеуді өткізу кезеңінде:

109) білім беру ұйымдарының әкімшілігіне арналған сауалнаманы

толтыруы үшін Web-қосымшаға пароль беру және толтырылуын қадағалау;

- 110) тестілеу барысында туындаған мәселелерді тіркеу;
- 111) тестілеу барысында туындаған штаттан тыс жағдайлар туралы Орталыққа уақтылы хабарлау;

112) компьютерлік онлайн-тестілеуді алып жүру.

Тестілеу нәтижелерін өңдеу кезеңінде:

- 113) тестілеу нәтижелерін өңдеу;
- 114) бағалауды жүзеге асыру және тестілеу нәтижелері бойынша емтихан ведомосін беру;
- 115) тестілеудің барлық лектері аяқталған соң қорытынды файлды Орталыққа телекоммуникациялық желі арқылы жіберу;
- 116) сұрақ-кітапшаларын жоюды үйымдастыру және актімен рәсімдеу;
- 117) Орталық басшылығының шешіміне дейін ОБ ОЖСБ жауап парапттарын сақтау.

Есеп дайындау кезеңінде:

- 118) Орталықтың базалық филиалы облыс бойынша тестілеуді үйымдастыру және өткізу бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп дайындалып, Орталыққа тапсырады;
- 119) сұрақ-кітапшаларын жою туралы актілері бойынша есебін және штаттан тыс жағдайлар бойынша рәсімделген актілерді Орталыққа жіберу.

БСБД функциясы

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

- 120) БГСБК-ден нормативтік-құқықтық актілерді, тестілеуді өткізу нұсқаулығын, Министрлік өкілдерінің жұмыс істеу алгоритмін алу;
- 121) Орталық филиалы, АББ (ҚББ)-мен бірлесіп оқушылар, ата-аналар және педагогтарға АТЖ жүргізу;
- 122) Министрлік өкілдерінің аумақтық деректер базасын қалыптастыру және БГСБК-не бекітуге ұсыну;
- 123) Министрлік өкілдеріне оқыту семинарларын өткізу және оларды білім беру үйымдары бойынша бөлу;
- 124) Министрлік өкілдеріне жұмыс істеу алгоритмін беру;
- 125) Орталықтан емтихан материалдарын алу;
- 126) тестілеу өткізілетін білім беру үйымдарына емтихан материалдарын жеткізу;
- 127) мөрленіп жабылған қораптағы емтихан материалдарын акт бойынша Министрлік және БСБД өкіліне тапсыру;
- 128) білім беру үйымының әкімшілігімен бірлесіп белгіленген мерзім аралығында компьютерлік онлайн-тестілеуді өткізу кестесін жасау және жалпы лек санын анықтау;
- 129) компьютерлік онлайн-тестілеуді өткізу үшін білім беру үйымдарының дайындығын тексеру.

Тестілеуді өткізу кезеңінде:

- 130) оқушылардың аудиторияға тізім бойынша кіргізілуін қадағалау;

- 131) тестілеу барысын бақылау;
- 132) тестіленушілерге тестілеу барысындағы тәртіп ережесін түсіндіруін қадағалау;
- 133) емтихан материалдарын акт бойынша таратылуын қадағалау;
- 134) штаттан тыс жағдайларды БСБД-ға хабарлау;
- 135) 9, 11-сынып оқушылары мен білім беру үйімі әкімшілігінің сауалнама сұрақтарына жауап беруін үйімдастыру;
- 136) тестілеу аяқталған соң оқушылардан емтихан материалдарын жиналудын қадағалау;
- 137) Министрлік өкілінен емтихан материалдарын қабылдау.

Тестілеу нәтижелерін өңдеу кезеңінде:

- 138) емтихан материалдарын өңдеу үшін Орталық филиалына жеткізу;
- 139) тестілеу нәтижелерін өңдеу процесін бақылау.

Есеп дайындау кезеңінде:

- 140) атқарылған жұмыстар бойынша акт дайындау және Орталыққа тапсыру;
- 141) ОБ ОЖСБ үйімдастыру және өткізу бойынша есеп дайындау және БФСБК-не тапсыру.

Министрлік өкілдерінің функциясы

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

- 142) БСБД-да оқыту семинарларына қатысу және тестілеудің технологиясын үйрену;
- 143) БСБД-дан Министрлік өкіліне арналған жұмыс істеу алгоритмін алу және танысу;
- 144) емтихан материалдарын БСБД-дан алу және білім беру үйімінән жеткізілуін қамтамасыз ету;
- 145) емтихан материалдарын сақтау шараларын қамтамасыз ете отырып, білім беру үйімінән сейфіне қою;
- 146) білім беру үйімдарында аудиториялар дайындығын тексеру;
- 147) аудиториялар бойынша кезекшілер тізімін тексеру (егер аудитория бойынша кезекшілер тестілеуге қатыстырылса);
- 148) аудиториялар бойынша кезекшілер үшін нұсқама жүргізу;
- 149) АББ (КББ)-мен бекітілген оқушылар тізімін тексеру;
- 150) компьютерлік онлайн-тестілеуге техникалық қуралдар мен интернет желінің жұмысын тексеру;

Тестілеуді өткізу кезеңінде:

- 151) оқушыларды аудиторияға тізімге сәйкес кіргізу;
- 152) тестілеу барысын бақылау;
- 153) оқушылардың тестілеу кезіндегі тәртіп сақтау ережесін түсіндіру;
- 154) емтихан материалдарын актіге сәйкес тарату;
- 155) штаттан тыс жағдайларды БСБД-ға хабарлау;
- 156) 9, 11-сынып оқушылары мен білім беру үйімі әкімшілігінің сауалнама сұрақтарына жауап беруін үйімдастыру;

157) тестілеу аяқталғаннан кейін оқушылардан емтихан материалдарын қабылдау;

158) барлық жауап параптерын (қолданылған және қолданылмаған) «Интервойд» пакетіне (пломбасы бар пластикалық конвертіне) салу, сұрақ-кітапшаларын (қолданылған және қолданылмаған) қорапқа салу және БСБД өкіліне тапсыру.

Тестілеу нәтижелерін өңдеу кезеңінде:

159) емтихан материалдарын тестілеу нәтижелерін өңдеу үшін Орталық филиалына жеткізу;

160) тестілеу нәтижелерін өңдеу процесін бақылау;

161) жауап параптерын сәйкестендіру процесіне қатысу;

162) деректердің Орталыққа жіберілуін қадағалау;

163) тестілеудің емтихан ведомосін шығаруды ұйымдастыру;

164) сұрақ-кітапшаларды жою процесіне қатысу.

Есеп дайындау кезеңінде:

165) ОБ ОЖСБ өткізу бойынша атқарылған жұмыс туралы есеп дайындау және БСБД-ға тапсыру.

АББ (ҚББ)-ның функциясы

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

(Жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып)

166) ОБ ОЖСБ мәселелері бойынша оқушыларға, ата-аналарға және педагогтерге Орталық филиалы, БСБД-мен бірлесіп АТЖ жүргізу;

167) медициналық қызметкерлердің жұмысын қамтамасыз ету;

168) электрмен жабдықтаудың және телекоммуникацияның үздіксіз жұмыс істеуін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

169) қоғамдық тәртіптің сақталуын ұйымдастыру;

170) Министрлік және БСБД өкілдерінің жұмысы үшін жағдай жасау;

171) тестілеу басталғанға дейін санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталуын, тыым салынған заттардың (ақпараттық және анықтамалық материалдар, электрондық кітапшалар, калькуляторлар, ұялы құрылғылар мен фотоаппараттар) болмауын ұйымдастыру;

172) білім беру үйымының оқушылар тізімін бекіту және тестілеу басталmas бұрын БСБД өкіліне ұсыну;

173) аудиториялар бойынша кезекшілер тізімін бекіту (қажет болған жағдайда);

174) тестілеуді өткізуге аудиториялардың, компьютерлік сыйыптардың дайындығын бақылауды қамтамасыз ету;

175) компьютерлік онлайн-тестілеуге техникалық құралдардың және интернет желінің жұмысын ұйымдастыру;

176) кезекшілердің тестілеуге келуін қамтамасыз ету.

Тестілеуді өткізу кезеңінде:

177) оқушылардың тестілеуге қатысуын ұйымдастыру.

Тестілеу нәтижелерін өңдеу кезеңінде:

178) емтихан материалдарын өндөу үшін Министрлік және БСБД өкілдерімен Орталық филиалына жеткізілуін ұйымдастыру;

179) білім беру ұйымдарына тестілеу нәтижелерін хабарлауды ұйымдастыру.

Білім беру ұйымы әкімшілігінің функциясы

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

180) окушылар мен ата-аналарға АТЖ жүргізу;

181) білім беру ұйымының окушылар тізімін АББ-ға (ҚББ-ға) бекітуге ұсыну;

182) аудиториялар бойынша кезекшілер тізімін АББ-ға (ҚББ-ға) бекітуге ұсыну (қажет болған жағдайда);

183) бланкілік тестілеуге аудиторияларды дайындау;

184) компьютерлік онлайн-тестілеуге компьютерлік сыйыптарды, техникалық құралдарды және интернет желіні дайындау;

185) компьютерлік онлайн-тестілеуге білім беру ұйымы бойынша жауапты тұлғаларды анықтау;

186) компьютерлік онлайн-тестілеуге өтініштерді қабылдау бағдарламалық қосымшаларын қондыруды ұйымдастыру;

187) БСБД-мен бірлесіп белгіленген мерзім аралығында компьютерлік онлайн-тестілеуді өткізу кестесін жасау және жалпы лек санын анықтау;

188) білім беру ұйымы бойынша жауапты тұлғамен компьютерлік онлайн-тестілеуге компьютерлердің тіркелуін, «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасының қондырылуын ұйымдастыру.

Тестілеуді өткізу кезеңінде:

189) окушылардың тестілеуге қатысуын қамтамасыз ету;

190) білім беру ұйымы әкімшілігіне арналған сауалнаманы Web-қосымшада толтыру.

Білім беру ұйымы бойынша жауапты тұлғаның функциясы

Компьютерлік онлайн-тестілеуді өткізу барысында компьютерлік сыйыптарда тестілеу өткізу технологиясының және тәртіптің сақталуын Министрлік және БСБД өкілдерімен бірге білім беру ұйымы бойынша жауапты тұлға қадағалайды.

Тестілеуді өткізуге дайындық кезеңінде:

191) Орталық филиалы қызметкерлерінен бағдарламалық қосымшалармен, Web-қосымшамен жұмыс істеуді үйрену;

192) нормативтік-құқықтық актілерді алу;

193) компьютерлік онлайн-тестілеуге өтініштерді қабылдау бағдарламалық қосымшаларды Орталық филиалынан алу және қондыру;

194) деректер базасына бекітілген окушылар тізіміндегі ақпаратты және компьютерлік сыйыптар туралы мәліметтерді енгізу;

195) БСБД-мен бірлесіп окушыларды лектерге бөлу;

196) деректерді Орталық филиалына жіберу;

- 197) аудиториялық тізімді басып шығару;
- 198) оқушы рұқсаттамасын басып шығару және тарату;
- 199) Орталық филиалынан Web-қосымшаға кіру мүмкіндігін алу;
- 200) компьютерлік сыйнып техникаларының жұмысын тексеру;

201) компьютерлік онлайн-тестілеуден бір күн бұрын компьютерлерді тіркеу, «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасын компьютерлерге қондыру;

202) оқушыларға рұқсаттамаларды және Web-қосымша мен «Информатика» пәні бағдарламалық қосымшасымен жұмыс істеу нұсқаулығын тарату.

Тестілеу өткізу кезеңінде:

203) Web-қосымшадан отырғызу парагын басып шығару және толтырылуын ұйымдастыру;

204) Web-қосымшамен жұмыс істеу тәртібін оқушыларға түсіндіру;

205) тестілеу барысында тәртіп сақтау ережесін бақылау;

206) Орталық филиалымен бірлесіп Web-қосымшаның жұмысын алып жүру;

207) тестілеу барысындағы штаттан тыс жағдайды Министрлік және БСБД өкілдеріне хабарлау;

208) 9, 11-сыйнып оқушыларының және білім беру үйімі әкімшілігінің сауалнама сұрақтарына жауап беруін ұйымдастыру.

Тестілеу нәтижелерін өңдеу кезеңінде:

209) тестілеу аяқталғаннан кейін емтихан ведомосін басып шығару.

5. Емтихан материалдарын тарату, толтыру және жинау тәртібі

210) алдымен тек жауап параптеры таратылады;

Ескерту:

Жауап парапы бір данада беріледі, ауыстырылмайды.

211) жауап парапы таратылған соң Министрлік өкілі толтыру тәртібін түсіндіреді;

212) жауап парапы қара немесе көк сиялы қаламсаппен толтырылады;

213) қызмет секторлары толтырылады;

214) жауап парапының қызмет секторлары толтырылғаннан кейін сұрақ-кітапшалары таратылады, сұрақ-кітапшасының барлық параптары тексеріледі және мұқабасы толтырылады;

215) жауап парапының қызмет секторлары мен сұрақ-кітапшасының мұқабасы толтырылғаннан кейін тақтаға тестілеудің басталу мен аяқталу уақыты жазылады;

Ескерту:

4-сыйныттар үшін тестілеу жыл сайын уәкілетті орган айқындаитын 2 пән бойынша өткізіледі, жалпы тест тапсырмаларының саны – 30, тестілеудің жалпы уақыты – 70 минут (1 сағат 10 минут);

9-сыйныттар үшін тестілеу жыл сайын уәкілетті орган айқындаитын

2 пән бойынша өткізіледі, жалпы тест тапсырмаларының саны – 60, тестілеудің жалпы уақыты – 130 минут (2 сағат 10 минут);

11-сыныптар үшін тестілеу жыл сайын уәкілетті орган айқындастын 3 пән бойынша өткізіледі, жалпы тест тапсырмаларының саны – 60, тестілеудің жалпы уақыты – 110 минут (1 сағат 50 минут).

216) **4-сыныпқа арналған жауап парагы** осы Алгоритмнің 7-қосымшасында берілген жауап парагының үлгісімен толтырылады:

Сектор 1 «Тегі – Фамилия». Жоғарғы бос торкөздерге көлденең бағытта окушының тегі баспа әріптермен жазылады. Эрбір торкөзде көрсетілген әріптердің астындағы сәйкес дөңгелекшелер боялады.

Сектор 2 «Аты – Имя». Осы тәртіппен толтырылады;

Сектор 3 «Мектептің атауы – Наименование школы». Окушы білім алыш жатқан мектептің атауы баспа әріптермен толтырылады;

«Сынып – Класс» - сынып литері жазылады;

Сектор 4 «Жынысы – Пол». Окушы жынысына сәйкес дөңгелекше боялады;

Сектор 5 «Ұлты – Национальность». Осы Алгоритмнің 8-қосымшасындағы ұлттар анықтамалығына сәйкес окушы ұлтының коды санмен көрсетілген дөңгелекшелерге боялады;

Сектор 6 «Нұсқа – Вариант». Сұрақ-кітапшасындағы нұсқаның нөмірі сұрақ-кітапшасы таратылған соң көшіріледі және сәйкес дөңгелекшелер боялады;

Сектор 7, 8. Пәндер бойынша сұрақтардың жауаптары сәйкес секторларға боялады;

Сектор 9 «Окушының қолы – Подпись учащегося». Окушының қолы қойылады.

217) **9-сыныпқа арналған жауап парагы** осы Алгоритмнің 9-қосымшасында берілген жауап парагының үлгісімен толтырылады:

Сектор 1 «Тегі – Фамилия». Жоғарғы бос торкөздерге көлденең бағытта окушының тегі баспа әріптермен жазылады. Эрбір торкөзде көрсетілген әріптердің астындағы сәйкес дөңгелекшелер боялады;

Сектор 2 «Аты-жөні – Инициалы». Жоғарғы бос торкөздерге окушы атының және әкесінің атының бірінші әріптері жазылады, сәйкес дөңгелекшелер боялады;

Сектор 3 «ЖСН-ИИН». Жоғарғы бос торкөздерге көлденең бағытта окушының ЖСН жазылады және сәйкес дөңгелекшелер боялады. ЖСН болмаған жағдайда, алғашқы 6 торкөздерге окушының туған жылы, айы, күні жазылады, қалған торкөздер 0 санымен толтырылады;

Сектор 4 «Мектептің атауы – Наименование школы». Окушы білім алыш жатқан мектептің атауы баспа әріптермен толтырылады;

Сектор 5 «Ұлты-Национальность». Осы Алгоритмнің 8-қосымшасындағы ұлттар анықтамалығына сәйкес окушы ұлтының коды санмен көрсетілген дөңгелекшелерге боялады;

Сектор 6 «Нұсқа – Вариант». Сұрақ-кітапшасындағы нұсқаның нөмірі

сұрақ-кітапшасы таратылған соң көшіріледі және сәйкес дөңгелекшелер боялады;

Сектор 7 «Жынысы – Пол». Оқушы жынысына сәйкес дөңгелекше боялады;

Сектор 8 «Қазақ тілі». Осы пән бойынша сұрақтардың жауаптарын сәйкес дөңгелекшелерге боялады;

Сектор 9 «2 пән – Предмет 2». Оқушының сұрақ-кітапшасындағы екінші пән атауының дөңгелекшесі боялады және жауаптары белгіленеді;

Ескерту: 8, 9 секторлардағы пән бойынша тест форматына оқушылардың назарын аудару.

Сектор 10 «Оқушының қолы – Подпись учащегося». Оқушының қолы қойылады.

218) 11-сыныпқа арналған жауап парагы осы Алгоритмнің 10-қосымшасында берілген жауап парагының үлгісімен толтырылады:

Сектор 1 «Тегі – Фамилия». Жоғарғы бос торкөздерге көлденең бағытта оқушының тегі баспа әріптермен жазылады. Әрбір торкөзде көрсетілген әріптердің астындағы сәйкес дөңгелекшелер боялады;

Сектор 2 «Аты-жөні – Инициалы». Жоғарғы бос торкөздерге оқушы атының және әкесінің атының бірінші әріптері жазылады, сәйкес дөңгелекшелер боялады;

Сектор 3 «ЖСН-ИИН». Жоғарғы бос торкөздерге көлденең бағытта оқушының ЖСН жазылады және сәйкес дөңгелекшелер боялады. ЖСН болмаған жағдайда, алғашқы 6 торкөздерге оқушының туған жылы, айы, күні жазылады, қалған торкөздер 0 санымен толтырылады;

Сектор 4 «Мектептің атауы – Наименование школы». Оқушы білім алғып жатқан мектебінің атауы баспа әріптермен толтырылады;

Сектор 5 «Нұсқа – Вариант». Сұрақ-кітапшасындағы нұсқаның нөмірі сұрақ-кітапшасы таратылған соң көшіріледі және сәйкес дөңгелекшелер боялады;

Сектор 6 «Ұлты-Национальность». Осы Алгоритмнің 8-қосымшасындағы ұлттар анықтамалығына сәйкес оқушы ұлтының коды санмен көрсетілген дөңгелекшелерге боялады;

Сектор 7 «Жынысы – Пол». Оқушы жынысына сәйкес дөңгелекше боялады;

Сектор 8, 9 мен 10. «Математикалық сауаттылық – Математическая грамотность», «Оқу сауаттылығы – Грамотность чтения», «Қазақстан тарихы – История Казахстана» пәндерінің жауаптары боялады;

Сектор 11 «Оқушының қолы – Подпись учащегося». Оқушының қолы қойылады.

219) емтихан материалдарын (сұрақ-кітапшасы мен жауап парагы) әрбір оқушыдан жеке-жеке қабылданады;

Ескерту:

Оқушы емтихан материалдарын жауап беруді аяқтаған соң немесе тестілеу уақыты аяқталғаннан кейін тапсырады.

220) Министрлік және БСБД өкілдері жауап парагының барлық қызмет секторларының және сұрақ-кітапшасының мұқабасының толық толтырылуын тексереді;

221) Министрлік және БСБД өкілдері окушылардың барлық жауап парапттарын (қолданылған және қолданылмаған) «Интервойд» пакетіне (пломбасы бар пластикалық конвертіне), сұрақ-кітапшаларын (қолданылған және қолданылмаған) қорапқа салады;

222) Министрлік және БСБД өкілдері емтихан материалдарын БСБД өкіліне осы Алгоритмнің 6-қосымшасындағы актіге сәйкес тапсырады.

Казақстан Республикасы жалпы
орта білім беру үйымдарында
оқу жетістіктерін сырттай
бағалауды үйымдастыру және
өткізу алгоритміне 1-қосымша

Емтихан материалдарын алыс-беріс актісі

Мерзімі _____ Уақыты ____ сағат ____ минут

БСБД _____
(облыс)

БСБД басшысы _____ тапсырды,
(аты-жөні)

Министрлік (БСБД) өкілі _____,
(аты-жөні)
_____ қапшыққа салынған емтихан материалдарын қабылдап алды.
(саны)

Қапшықтар зақымдалмаған, Ұлттық тестілеу орталығының пломбасы бар және
облыс, аудан, білім беру үйымының атауы жазылған құлақша жапсырылған.

Қапшықтар пломбаларының нөмірі(лері): _____
_____.

Тапсырды:

БСБД басшысы

(коло)

Қабылдады:

Министрлік (БСБД) өкілі

(коло)

Осы акт екі данада құрылды.

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру үйымдарында оку жетістіктерін сырттай бағалауды үйымдастыру және откізу алгоритміне 2-қосымша

Бекітемін

АББ (ҚББ) менгерушісі

(көлі)
«___» _____ 20 ___ ж.

(аты-жөні)

Оқушылар тізімі

Облыс _____
(атауы)

Аудан _____
(атауы)

Білім беру үйимы _____
(атауы)

Сынып _____

№	Тегі, аты-жөні	ЖСН	Ұлты	Жынысы	Оқыту тілі	Оқытылатын шетел тілі	Ескерту
1							
2							
3							
4							

Ескерту:

- ЖСН 9 және 11-сынып оқушылары үшін толтырылады, 4-сынып оқушылары үшін ЖСН толтырылмайды (баган алынып тасталады немесе бос қалады);
- үйде оқытылатын оқушылардың немесе ОБ ОЖСБ откізілу кезеңінде қатыса алмайтын оқушылардың себептері «Ескерту» бағанында көрсетіледі, анықтамалары қосымша тіркеледі.

Білім беру үйимының басшысы: _____
(көлі) _____ (тегі, аты-жөні)

Білім беру үйимы
мөр орны

Казақстан Республикасы жалпы
орталық беру үйымдарында
оку жетістіктерін сырттай
бағалауды үйымдастыру және
өткізу алгоритміне 3-қосымша

Бекітемін

АББ (ҚББ) менгерушісі

(қолы) (аты-жөні)
«___» 20 ___ ж.

Аудитория кезекшілерінің тізімі

Облыс _____
(атауы)

Аудан _____
(атауы)

Білім беру үйымы: _____
(атауы)

№	Тегі, аты-жөні	Диплом бойынша мамандығы	Оқытатын пән
1			
2			
3			
4			

Білім беру үйымының басшысы: _____
(қолы) _____ (тегі, аты-жөні)

Білім беру
үйымы
мер орны

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру үйымдарында оку жетістіктерін сырттай бағалауды үйымдастыру және өткізу алгоритміне 4-қосымша

**Емтихан материалдары қапшығын ашу туралы
акт**

«___» 201___ ж. ___ сағ. ___ мин.

Облыс: _____
(коды) (атауы)
Аудан: _____
(коды) (атауы)
Білім беру үйымы: _____
(коды) (атауы)

Біз, төменде қол қоюшылар, емтихан материалдарының қапшығын ашып, емтихан материалдары салынған қораптарға тексеру жүргіздік.

Қапшық(тар) зақымдалмаған, Ұлттық тестілеу орталығының пломбасы бар және облыс, аудан, білім беру үйымының атауы, 4, 9 және 11-сынып оқушыларының саны, ҚБПУ (қызмет бабында пайдалану үшін) жазуы, штрих код жазылған құлақша жапсырылған.

Қапшықтар пломбаларының нөмірі(лері): _____,
_____.

Қорап(тар) зақымдалмаған, Ұлттық тестілеу орталығының пломбасы бар және облыс, аудан, білім беру үйымының атауы, лек нөмірі, сыннып, тестті тапсыру тілі, сұрақ-кітапшалары мен жауап паралырының саны жазылған құлақша жапсырылған.

Білім беру үйымы әкімшілігіне арналған сауалнама салынған (1 дана).

Осы акт екі данада құрылды.

Министрлік өкілі: _____
(көлі) (тегі, аты-жөні)

БСБД өкілі: _____
(көлі) (тегі, аты-жөні)

Білім беру үйымы басшысы: _____
(көлі) (тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беру үйымдарында оку жетістіктерін сырттай бағалауды үйымдастыру және еткізу алгоритміне 5-қосымша

**Аудиторияда (сыныпта) емтихан материалдарын ашу туралы
акт**

Облыс: _____
(коды) _____
(атауы)

Аудан: _____
(коды) _____
(атауы)

Білім беру үйымы: _____
(коды) _____
(атауы)

Сынып _____ Мерзімі _____ сағ. _____ мин.

Оқыту тілі _____

Біз, төменде қол қоюшылар, емтихан материалдары салынған қорапты ашып, емтихан материалдарына санақ жүргіздік. Санак нәтижелері төменде көрсетілген кестенің «Нақты саны» бағанында берілген.

№ р/с	Материал атауы	Жоспар бойынша саны	Нақты саны	Таратылды	Қалғаны	Ескерту
1	Жаяуп параптар					
2	Сұрақ-кітапшалары					
3	Жаяуп парапына арналған интервоид (пломбасымен пластикалық конверт)					
4	Оқушыға арналған саулнама					

Ескерту: «Оқушыға арналған саулнама» 9 және 11-сыныптар үшін салынған.

1 оқушы: _____
(көлі) _____
(тегі, аты)

2 оқушы: _____
(көлі) _____
(тегі, аты)

3 оқушы: _____
(көлі) _____
(тегі, аты)

Министрлік (БСБД) өкілі: _____
(көлі) _____
(тегі, аты)

Казакстан Республикасы жалпы орта білім беру үйымдарында оку жетістіктерін сырттай бағалауды үйымдастыру және алгоритміне б-көсімнің еткізу

Тестпүеге материалдарды берүү жана кабылдау туралы

АКТ

Облыс	(коды)	Бітім беру ұймы	(коды)	Аудан	(коды)	Мерзімі
					(агауы)	(агауы)

БСБД екіні: _____ (копия) _____ (тери, аты-жони)

24

Казакстан Республикасы жалпы орта
білім беру үйімдарында
оку жегістіктерін сырттай бағалауды
үйімдастыру және
алгоритмінен 7-қосымша
еткізу



Секция 1	Аты - Имя																												
Секция 2	Теги - Фамилия																												
<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <tr><td style="width: 10%; height: 40px;"></td><td style="width: 10%; height: 40px;"></td></tr> <tr><td colspan="10" style="text-align: center; font-size: small;">Дұрас-тотыру үәдисі. Примор правильного написания</td></tr> </table>																				Дұрас-тотыру үәдисі. Примор правильного написания									
Дұрас-тотыру үәдисі. Примор правильного написания																													
ОЖСБ - 2017 жаңап парагы (4 – сынып) Лист ответов ВОУД - 2017 (4 – класс)																													
